



2022 жылғы 17 тамыз № 511-2308

Нұр-Сұлтан қаласы

2022 жылғы 17 тамыз № 216/28-VII

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласының
кейбір құрамдас бөліктеріне
атау беру және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы Ономастика комиссиясының 2021 жылғы 10 қарашадағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 11 сәуірдегі қорытындыларының негізінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Нұр-Сұлтан қаласының «Алматы» ауданы бойынша:

жобалық атауы А82 көшеге – Мұхамеджан Тынышбайұлы;
көшесі;

жобалық атауы № 23-15 көшеге – Қалибек Қуанышбаев көшесі;

Нұр-Сұлтан қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

жобалық атауы Е11 көшеге – Әзілхан Нұршайықов көшесі;

жобалық атауы Е609 көшеге – Әшірбек Сығай көшесі;

жобалық атауы Е613 көшеге – Саят Абеев көшесі;

жобалық атауы Е632 көшеге – Тұяқберді Шәмелов көшесі;

жобалық атауы Е633 көшеге – Бақтыгерей Құлманов көшесі;

жобалық атауы Е635 көшеге – Ғазиз Байтасов көшесі;

жобалық атауы Е809 көшеге – Жошы хан көшесі;

жобалық атаулары Е585 және Е865 көшелерін біріктіріп, Әмір Едіге көшесі;

жобалық атаулары Е586 және Е875 көшелерін біріктіріп, Роза Жаманова көшесі;

жобалық атаулары Е589 және Е611 көшелерін біріктіріп, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы көшесі;

Сығанақ көшесінде, «Зеленый квартал» тұрғын үй кешенінің жанында орналасқан атаусыз саябаққа – «Бухарест» саябағы атауы берілсін.

2. Мыналар:


Нұр-Сұлтан қаласының «Сарыарқа» ауданы бойынша:

Мұхамеджан Тынышбаев және Иманжүсіп Құтпанов көшелерін біріктіріп, Иманжүсіп Құтпанов көшесі деп қайта аталсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандарының әкімдері, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.


4. Осы бірлескен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысы және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі



А. Көлгінов

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Каналимов